«ШИЕЛІ АУДАНДЫҚ ОТБАСЫН ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ШИЕЛИЙСКИЙ РАЙОННЫЙ ЦЕНТР ПОДДЕРЖКИ СЕМЬИ»

120700, Қызылорда облысы, Шиелі кенті, М.Шоқай көшесі, 53
Факс.тел: 8 (724-32) 4-22-56

120700, Кызылординская область, пос. Шиели, улица М.Шокая,53
Факс.тел: 8 (724-32) 4-22-56

31.03.2025 № 18

"Жалынды жастар"қоғамдық қорына

Шиелі аудандық Отбасын қолдау орталығы КММ-сі 18.03.2025 жылғы 249349 шағым бойынша төмендегіні хабарлайды.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 Бұйрығының 452-тармағының 15-тарауына сәйкес (01.01.2025 Ж. арналған өзгерістермен және толықтырулармен) Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қызметтерін мемлекеттік сатып алу кезінде 411-бапқа сәйкес ұйымдастырушы конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілер ұсынған бағалау үшін мынадай өлшемшарттарды көздейді:

1) әлеуетті өнім беруші ұсынатын жобаның тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігінің талаптарына сәйкестігі;

2) әлеуетті өнім беруші қызметінің мақсатының (құрылтай құжаттарына сәйкес) тапсырыс берушінің сатып алынатын қызметтеріне және "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдар үшін гранттар мен сыйлықақылар туралы "Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабында көзделген салаларға сәйкестігі;

3) әлеуетті өнім берушінің "үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында" болуы туралы мәліметтер;

4) әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы;

5) әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың өтілі мен біліктілігі;

6) жоба жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асырылған жағдайда-үкіметтік емес ұйымның тиісті өңірдегі жұмыс тәжірибесі.

Осы тармақтың 1) - 6) тармақшаларында көзделген критерийлер бойынша балдарды есептеу Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстық құжаттамаға 1-қосымшаға сәйкес есептеледі.

Жоғарыда аталған мәселелер бойынша осы талаптар былайша айқындалды: .

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қызметтерін мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарау кезінде конкурстық комиссия:

конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындайды және оларды конкурсқа қатысушылар деп таниды;
Әлеуетті өнім берушілер ұсынған конкурсқа қатысуға өтінімдерді бағалау үшін осы Қағидалардың 411-тармағында көзделген балдарды есептейді;
Мамандардың тәжірибесі мен біліктілігін растайтын құжаттар білімі туралы дипломдар, тиісті курстардан, семинарлардан өткені туралы сертификаттар болып танылады. Алайда өнім берушімен жоғары білімі туралы диплом ұсынылған. Біліктілігін растайтын құжаттар тиісті курстардан, семинарлардан өткені туралы сертификаттар ұсынылмау себебімен бағалау өлшемшарттар бойынша 2 балл бағаланған.

Орталық директоры **Е. Жорабеков**

Орындаған: Ж.Қасымов
Тел: 4-34-19